



КЕЛІМСЕКТЕР
ЗАҢ БҰЗСА...

4-бет



САН
АЗАЙҒАНМЕН,
САПА АРТҚАН
ЖОҚ

6-бет



ШАЙТАННЫҢ
ТОРЫ

8-бет

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№84 (3615) 7 қараша 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мақсат ТҰРЛЫБАЕВ, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары:

«ҰЛТТЫҚ САНАҚ – БІРЕГЕЙ ДЕРЕК КӨЗІ»

– Мақсат Қайратұлы, 2021 жылы Қазақстанда үшінші жалпы ұлттық халық санағы жүргізілді. Оның түпкілікті қорытындылары бойынша тақырыптық жинақтар шығару енді ғана қолға алыныпты. Мұның себебін қалай түсіндіресіз?

– Ұлттық халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында жүргізілді. Сол жылдың желтоқсанында Ұлттық статистика бюросы алғашқы алдын ала қорытындыларын ұсынды. Бұл халық саны, жыныс-жас құрамы, қала мен ауылда тұратын адамдар саны туралы деректер болды. 2022 жылдың шілде айында санақтың қысқаша нәтижелері аймақ, ұлт, дін және тілді білу деңгейі бойынша жарияланды. 2022 жылғы тамыздан бастап санақ нәтижелері бойынша ағымдағы статистиканы қалыптастыру басталды. Бұл орайда туу және өлім-жітім, сондай-ақ халықтың көші-қоны (тұрақты тұруға келген/кеткендер саны) туралы деректер есепке алынады.

Сіздің сауалыңызға орай әлем елдерінің көпшілігі, санақтың негізгі кезеңдері, қорытындыларды дайындау және өңдеу мерзімдері, нәтижелерді жариялау бойынша БҰҰ ұсынған белгілі бір әдістемені ұстанауын айтар едім. Бұл Қазақстанға да тән. Осының негізінде біздің Ұлттық статистика бюросы халық санағын дайындау, өткізу және өңдеу мерзімдерін реттейтін іс-шаралар жоспарын жасады. Нәтижелерді жариялаудың соңғы мерзімі – 2023 жылдың төртінші тоқсаны. Орташа алғанда, көптеген елде деректерді өңдеу бір жылдан үш жылға дейін созылады. Мысалы, Беларусь пен Әзірбайжан 2019 жылы коронавирустық пандемиядан бұрын да халық санағын жүргізіп, сәйкесінше 2021 және 2022 жылдары нәтижелерін ұсынды. Ресей Федерациясы мен Тәжікстанда да біздегідей екі жыл бұрын халық санағы өтіп, оның қорытындысы биыл шығарылып отыр. Біз санақ нәтижелерінің қорытынды жинақтарын 30 қазанда жариялай бастадық және қараша айында апта сайын барлық материалды stat.gov.kz

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМҒА» ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?



Жақында Мәжілісте халықтың шамадан тыс кредит алу мәселесін шешу жолдары қаралды. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, статистикалық деректер 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы жеке және заңды тұлғалардың несиелері бойынша жалпы қарыз 36 триллион теңгеге жуықтағанын көрсетті. Салыстырмалы түрде мемлекеттің 2023 жылғы шығын жоспары 22,5 триллион теңгені құрайтынын еске салғмыз келеді.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

ЖИЫН

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев жоғары сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді. Іс-шараға Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғалымдар, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Бас прокуратураның, Мемлекеттік кірістер комитеті мен адвокатураның өкілдері қатысты.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес нормативтік қаулылардың (НҚ) екі жобасы қабылданды.

«Соттардың заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ жобасын Жоғарғы Соттың судьялары Марина Боровик пен Ботагөз Ералиева ұсынды.

Құжаттың қабылдануы қолданыстағы нормативтік қаулыда оның мазмұнының 50%-ынан асатын көлемінің түзетілуге жататындығына байланысты. Өйткені «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңына 28 рет өзгеріс енгізілді. Тиісінше, бұл сот практикасына әсер етті.

Онда соттылыққа, мерзімдерге, сотқа жүгіну негіздеріне, әдейі банкроттық пен



субсидиялық жауапкершілікке, борышкер мен әкімшінің құқықтық жағдайына, кредиторлар жиналысы мен комитетіне, олардың құқықтары мен міндеттеріне, кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге және басқаларға қатысты материалдық және процестік құқық нормаларының жекелеген ережелері түсіндірілді.

«Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ жобасымен

Жоғарғы Соттың судьялары Маргарита Одинова мен Жаңылдық Қашқынбаева таныстырды.

Жоғарғы Соттың төрелік заңнаманы қолданудың сот практикасын қорытуы судьялардың төрелік пен сот арасындағы құзыретті ажырату, қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру және дәлелдемелерді алуға жәрдемдесу, төрелік шешімдердің күшін жою, төрелік шешімдерді тану және мәжбүрлеп орындату

мәселелері туындайтынын көрсетті. Осы орайда НҚ жобасында көрсетілген әрбір жағдай бойынша түсіндірмелер берілді.

Талқылаудың қорытындылары бойынша Жоғарғы Соттың судьялары нормативтік қаулылардың жобаларын қабылдау үшін дауыс берді. Жобалармен Жоғарғы Сот сайтының «Заңнама» бөлімінде танысуға болады. Нормативтік қаулылардың мәтіні ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланады.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы Соттың жанындағы Халықаралық Кеңестің мүшесі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Майдан Сүлейменов және ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі, экономика ғылымдарының докторы Жаннат Ертілесова қатысып, сараптамалық сүйемелдеу қызметін көрсетті.

Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев сот қызметін жетілдіруге қосқан үлесі үшін М.Сүлейменов пен Ж.Ертілесоваға «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ҒЫЛЫМНЫҢ САРАЙЫНА КІРЕТІН АДАМНЫҢ АРЫ ТА ЗА



Ләззат ЕРКІНБАЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі – проректор, заң ғылымдарының докторы, профессор

САРАБДАЛ ЗАҢҒЕР, САЛИҚАЛЫ ЗАҢТАНУШЫ

Өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі ұмытылмайтын жандар болады. Олардың қоғамға тигізген пайдасынан бөлек, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылығы мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейді. Сондай келбетімен өмірде есте қалатын тұлғаның бірі – заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдуәлі Еренұлы Еренов.

Әбдуәлі Еренов – отандық экология, жер, су құқығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор. Академик Ә.Еренов 1923 жылы 30 қыркүйекте Түркістан қаласында дүниеге келген. 1941 жылы мектепті бітірген талабы таудай бозбала инженер болуды армандаған еді. Алайда, тосыннан тұтанған соғыс өрті өмірін күрт өзгертті. Осылайша жалындаған жас жігіт Ұлы Отан соғысына аттанып, Сталинград шайқасына қатысты. Майданнан оралғанда Әбдуәлі Еренұлының жасы небәрі 19-да еді. Соғыстан келген жас сарбаз алғашында қалай өмір сүретінін, не істерін білмеді. Осылайша бала кезіндегі инженер болу арманы сағымдай алыстай берді.

Бірақ жалындаған жас жігіт өмірді жаңадан бастауға күш тауып, Ташкент мемлекеттік заң институтына оқуға түсіп, оны 1949 жылы үздік бітіріп шығады. Институтты бітірген соң арнайы жолдамамен Мәскеуге

барып, КСРО Ғылым академиясы Құқық институтының аспирантурасына оқуға түседі. 1952 жылы Мәскеуде «Кеңестік Социалистік мемлекет дамуының бірінші кезеңіндегі Қазақстандағы жер-су заңнамасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

Ғылымға тереңдей бойлаған ғалым 1963 жылы Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында «Қазақ КСР-де социалистік жер қатынастарының пайда болуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1965 жылы Ә.Еренов профессор атағын алып, 1967 жылы



Заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдуәлі ЕРЕНОВТИҢ туғанына – 100 жыл

Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болды. 1983 жылы Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, 1985 жылы «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің теориялық мәселелері» тақырыбындағы еңбегі үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді. 2003 жылдан бастап ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

1958–1985 жылдары – ҚазКСР ФА Философия және құқық институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер міндетін мінсіз атқарды. Ал 1985–1995 жылдары Аграрлық-құқықтық ғылымдар бөлімінің меңгерушісі болса, 1995–2004 жылдары ҚР ҰҒА Мемлекет және құқық институтының, КАЗГЮУ Азаматтық-құқықтық қатынастар және экология бөлімінің бас ғылыми қызметкері болды. Академик Әбдуәлі Еренұлы Еренов – 1 және 2 дәрежелі Отан соғысы ордендерінің және «Құрмет белгісі» ордені мен көптеген медаль иегері.

Әбдуәлі Ереновтің ғылыми-теориялық идеялары мен тұжырымдамалары ғылыми ортаның, оқырмандар мен кәсіби қызметкерлердің жоғары бағасына ие. Ұстазымыз бар ғұмырын ғылымға арнады... Абай атамыз «шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, Әбдуәлі Еренов шәкірттерінің алдында терең білімі, жаңа идеялары жоғары бағаланған тұлға.

ДАНАЛЫҚ ПЕН ДАРАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ



Есіл РАХМЕТОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультетінің Кеңесшісі, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының докторы

Ғұлама ғалым әл-Фараби: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан иманы кәміл, пейілі тура болуы керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғаймай, ғылымнан аулақ жүру керек» деген екен. Міне, осы сөздер эколог-ғалым Әбдуәлі Ереновке арналып айтылғандай. Өйткені, ғұлама ғалымның сипаттамасында келтірілген ғылыми-тұлғалық қасиеті, оның ішінде бөлек болмысы, жайдары, жаймашуақ мінезі тұлғалық қасиетін өзгелерден биіктетіп, даралап тұрады.

Ғалымды өмірдің сыны айналып өтпеді, ол қаншама тағдырдың кермек дәмін татып, жанкешті өмір сүрсе де, мойымады, өзінің адами болмысымен, көрнекті кісілігімен «ұстаз» деген атқа лайық бола білді. Ұлы Абай үлгі тұтқан адам бойындағы үш қасиет «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» те ұстаз бойынан табылды. Әбдуәлі Еренов шәкірттері мен әріптестерінің арасында жылы шырайлы жүзімен кез келгенді жа-

нына жақын тартатын, салмақты, салиқалы сөзімен барлығын баурап алатын, ағалық ақ қасиетімен қашанда жылы шуағын шаша білетін ерекше тұлға ретінде есте қалды.

Еренов жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Заң факультетімен тығыз жұмыс істеді. Көп уақыт жер құқығы, экологиялық құқық және аграрлық құқық мамандығы бойынша университеттің докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі болды, заң факультетінің түлектері үшін МАК төрағасы, көптеген аспиранттардың, ізденушілер мен докторанттардың ресми оппоненті болды. Осы арқылы ғалым көп адамның тісі бата бермейтін жаңа саланы зерттеуге алғаш қадам жасаушы ретінде тарихта қалды. Оның тікелей жетекшілігімен ҚазҰУ-дың заңгер-ғалымдарының тамаша буыны тәрбиеленді, олар қазіргі таңда ұлағатты ұстаздың бастаған ісін жалғастыруда.

Ә.Еренов қазақ қоғамындағы жер қатынастарының тарихы бойынша іргелі ғылыми жұмыстар жазды, көптеген ғылыми пікірталастарға белсенді қатысты және өз идеяларын дәлелді түрде қорғады. 2004 жылы 27 қыркүйекте Ұлы Отан соғысының ардагері, Сталинград шайқасына қатысқан ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдуәлі Еренұлы Еренов Алматы қаласында қайтыс болды.

Ереновтің қай зерттеуін зерделеп, қай оқулығын парақтасақ та даналық пен даралықтың, сауаттылық пен жауаптылықтың лебі есіп тұрады. Өз ізденісімен жас ұрпаққа тамаша өнеге көрсеткен ғалымның есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

на зор үлес қосқан, Қазақстандағы жер, экологиялық және аграрлық құқықтың негізін қалаушылардың бірі. Оның ғылыми зерттеулері қазақ қоғамындағы жер қатынастарының тарихына, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны құқықтық қорғауға, ауыл шаруашылығының құқықтық аспектілеріне арналды.

Академик Әбдуәлі Еренұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының ұйымдастырушылардың бірі болды, ол Қазақстанның жер, экологиялық және аграрлық құқық саласында іргелі зерттеулер жүргізді. Ә.Ереновтің ғылыми еңбектерінде көтерілген мәселелер мен оларды шешу жолдары әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Мысалға алатын болсақ, Әбдуәлі Еренұлы өзінің «Очерки по истории феодально-земельных отношений в казахов» атты монографиясында «қазақ көшпелілердің феодалды қатынастарының негізіндегі жер қа-



Даулет БАЙДЕЛДИНОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы, экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор

өндіріс тәсілдеріне феодалдардың ірі монополиялық жер қатынасы тиесілі. Осы қатынаста түрі қауымдық меншік нысанына қарама-қарсы болатын иерархиялық жер иелену нысанын белгілейді. Ауыл қауымдастығының мүшелері – шаруалар өзінің жеке мал шаруашылығына ие болатын, дегенмен жайылымдардың меншік иелері бола алмайтын. Феодализм тұсында

ЖЕР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Билы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де тамаша заңгер ғалымдар Ю.Г.Басин, С.Б.Байсалов және М.Т.Баймахановтың құрметіне халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. 2023 жылы 30 қыркүйекте ҚР ҰҒА академигі Әбдуәлі Еренұлы Ереновтің туғанына 100 жыл толды. Соған орай университет ғалымның еңбегін дәріптеп, есте қалдыру мақсатында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізгелі отыр.

Ә.Еренов – кеңестік және қазақстандық заң ғылымының дамуы-

тынасы туралы мәселелер әлі күнге дейін шешілмеген деп баяндайды. Феодалды жер қатынастарының мәселелері тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де пікірталастық сипатқа ие», – деген тұжырымдама жасайды.

Осы мәселені зерттеу Ә.Ереновке мынадай маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік берді: «Феодалды қоғамдағы және көшпелі шаруашылықтардағы жеке жер қатынасы өндірістік қатынастардың жүйесінде анықтаушы орынға ие. Феодалды

қауым мүшелері өз қоныстарына өзі билік етсе, онда қауымдарға көшпелі аристократия әсері тарағаннан кейін олар феодал аксүйектерінің бұйрығы бойынша жерді пайдаланатын болды. Қауым мүшелері жерді иелену функцияларын жоғалтқаннан кейін жер меншіктеріне монополия орнатқан тұлғаларға тәуелді болып қалды». «Мың адамға татитын ғұмыр кешкен» аяулы ұстаз Әбдуәлі Еренов биыл 100 жасқа толды. Өзі өмірден өткенімен, жарқын бейнесі мәңгі жүрегімізде сақталады.

ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ТҰЛҒА

Академик А.Еренов көп жылдар бойы жер құқығы, экологиялық құқық және аграрлық құқық мамандығы бойынша университеттің докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі, заң факультетінің түлектері үшін МАК төрағасы және көптеген аспиранттар, ізденушілер мен докторанттардың ресми оппоненті болды. Оның тікелей жетекшілігімен Қазақ ұлттық университетінде талантты заңгер ғалымдар тобы тәрбиеленді, олар бүгінде ғалымның ізін жалғастыруда.

Қазақстанның заң ғылымы, оның дамуы мен халықаралық биіктен танылуы белгілі ғалым Ә.Ереновпен тығыз байланысты. Ғалым қазақ қоғамындағы жер қатынастарының тарихы бойынша бірнеше іргелі ғылыми еңбек жазып, көптеген халықаралық конференцияларда тарихшы, заңгерлермен ғылыми пікірталастарға белсене қатысып, өз тұжырымдамасын талай мінбелерден қорғаған тұлға. Ғалым ұсынған қорытындылар мен шешімдер бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған

жоқ және Ереновтің еңбегі мен ол зерделеген тақырып қазіргі уақытта да жас ғалымдарды айрықша қызықтырады.

Академик Ә.Еренов 1952 жылдан өмірінің соңына дейін, яғни 2004 жылға дейін 52 жыл бір жерде, ғылым ордасы – ҚР ұлттық ғылым академиясында жұмыс істеді. Ғұмырын ғылымға арнаған ғалым екендігін осыдан-ақ білуге болады. Ғалымның «Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Казахской ССР» атты монографиясы еліміздегі жер қатынастарының пайда болуы мен дамуының өзекті мәселелеріне арналған. Ол өз еңбегінде: «Қазақстан территориясындағы табиғи аймақтарға байланысты шаруашылықтың екі негізгі түрі – мал шаруашылығы және егіншілік дамыды. Оңтүстік Қазақстан негізгі егіншілік аймағы болды, онда адат (әдет-ғұрып құқығы) бойынша «жерге қауымдық» меншіктің басым нысаны болды. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен



Гүлдана ҚУАНАЛИМОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің Кеңесшісі, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, профессор

қазақтардың орталықтандырылған этносаяси бірлестігінің 300 жылға жуық кезеңі басталады. Бұл кезеңдегі мұрагерлік хан билігі қазақ ұлыстарының бүкіл аумағына билік етудің, оларға жайылымдар мен көші-қон жолдарын, су көздерін бөлудің жоғары құқығынан тұрды», – деп қорытынды жасайды.

Ғалымның әр еңбегінен терең ізденіс, жоғары жауаптылық пен өз жұмысына деген адалдық айрықша аңғарылып тұрады.

ЕСІМІ МӘҢГІ ШӘКІРТТЕР ЖАДЫНДА



Қалдарбек ҚУАНАЛИМОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің Кеңесшісі, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Әбдуәлі Еренов – жер құқығына қатысты терең зерттеу жүргізген еңбекқор, сауатты ғалым. Ол сонымен бірге жер құқығына қатысты ғылыми зерттеу жұмысына ғалымдарды біріктіре білген тұлға. Өз әріптестері Н.Мухитдинов, Л.Ильяхеновпен бірге жазған «Предмет и система советского земельного права» атты монографиясында қолданыстағы заңнама мен оны қолдану тәжірибесі негізінде кеңестік жер құқығының пәні, жүйесі мен принциптері жан-жақты қарастырылған. Монографияда жер құқығымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері терең

ашылған. Сонымен бірге, кеңестік жер құқығының оқу пәні мен ғылымының дербес саласы ретіндегі жер құқығы жүйесінің принциптері мен ұғымдарына терең талдау жасалған. Авторлар жер заңнамасын және оны қолдану практикасын жақсартуға бағытталған нақты теориялық және практикалық ұсыныстар енгізген.

Ал академиктің Н.Мухитдинов, Л.Насыровамен бірге жазған «Эффективность природоохранительного законодательства» атты монографиясында «Кең мағынада, құқық қолдану тиімділігі жайлы ұғымы, бір жағынан, социалистік құқықтық нормалардың бүкіл жиынтығының кемелділігін, әлеуметтік белсенділігін, екінші жағынан, оларды қолдануда оған заң шығарушы қойған мақсаттарға сәйкестігін білдіреді. Тар мағынада бұл тұжырымдама құқықтың жекелеген салаларына қатысты көрсетілген критерийлердің болуын көрсетеді. Табиғатты қорғау заңнамасына қатысты бұл ерекшелік табиғатты дұрыс қорғауды да, табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету туралы қамқорлықты да ескеру қажеттілігімен анықталады. Демек, табиғатты қорғау заңнамасының тиімділігі заңнамалық саясаттың мақсатына сәйкес табиғатты дұрыс қорғауды және оның ресурстарын

ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін оларды қолданудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін осы саладағы құқықтық нормаларды білдіреді», – деп тұжырым жасайды.

Академик Ә.Ереновтің шығармашылық мұрасының елеулі бөлігі өткен ғасырға тиесілі болғанымен, оның зерттеулерінің теориялық бағыттылығы, қарастырылып отырған мәселелерді талдаудың тереңдігі тұрғысынан қазіргі кезде де аса өзекті. Ә.Ереновтің іргелі еңбектері еліміздегі заң ғылымының алтын қорын құрайды. Оларға Ресейдегі және басқа да ТМД елдеріндегі белгілі ғалымдар жиі сілтеме жасайды. Ғалымның еңбектері Қазақстан Республикасының экологиялық, аграрлық және жер құқығының дамуына айтарлықтай әсер етті.

Ә.Еренов аға және жас ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету – ғылымды дамытудың міндетті шарттарының бірі деп санады. Ол көп уақытын жоғары білікті кадрларды даярлауға арнады. Оның басшылығымен 20-дан астам адам докторлық және кандидаттық диссертация қорғады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Заң факультетінде Ә.Ереновтің ғылыми мектебі құрылды. Әбдуәлі Еренұлының есімі Қазақстанның заң ғылымының тарихында мәңгі қалады!

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМҒА» ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елімізде 9 миллионнан астам еңбекке жарамды халық болса, соның 8 миллионнан астамында кредит бар. Қайтарылмай жатқан несиесі соғамсыз 1,4 триллион теңге. Халықтың несиесі құдығына түсуі әлеуметтік және саяси тұрақсыздыққа алып келетінін Президент те айтқан еді. Осы тұста депутаттар не көтерді? Сарапшылар не дейді? Қандай шешімдер бар?

Мәселе неден басталды?

Даудың басы «кредиттік бақыттан» басталды. Қазақстанда мүдделі топтар индустрияландыру кезеңінде құлықсыздық көрсеткенімен, цифрландыру кезеңінде ештеңеден аянбады. Екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) несиелендірудің небір оңтайлы жолдарын нарыққа енгізді. Нәтижесінде үйде жатып-ақ, құжат деп жүгірмей ойлаған сомасына қол жеткізу мүмкін болды. Бұны «кредиттік бақыт» дейді. Сөздің мәні «қазір алып, кейін төлеймін» деген халық дағдыланған өмір философиясынан шығып тұр.

Дейтұрғанмен көтерген мәселеге қатысты Мәжіліс жиынында Қаржыгерлер қауымдастығының басшысы Елена Бахмурова «Тұтынушылық несиелердің жартысынан көбі пайызсыз бөліп төлеумен байланысты және бұл анау айтқандай мәселе емес» деді. Сөзіне тұздық ретінде «проблемалы» несиелер азайып келедісін қосты.

Алайда, Мәжіліс басшысы Ерлан Қошанов бұл ұстанымға ашуланды.

«Бүгінгі күні ешқандай үлкен проблемалар жоқ, бөлшек несиелер қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндірмейді деген жалғыз адам – сіз ғана. Әрине банк секторы мен несиесі ұйымдарының мұндағы өкілі ретінде келіп тұрсыз, біз мұны түсінеміз. Банк портфеліндегі мәселелі несиесі азайғын туралы айтып отырсыз, сандық дерек бойынша. Бірақ банктер мәселелі несиелер түйткілің, өздерін жақсы қырынан көрсету үшін, коллекторлар атына аударумен шектелгенін неге айтпайсыз? Әлде олай емес пе? Бұл жасанды жақсарту деп есептейміз бе? – деді ол.

Осы тұста, сөз ізін суытпай Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Руслан Берденов ЕДБ-ның құйтұрқы саясатынан бөлек «Халықтың шамадан тыс кредит алу факторларының бірі – лудомания» тақырыбында сөз сөйледі. «Тұтынушы несиесі нарығының кері көрсеткішінің басым бөлігін лудомандар құрайды. Олар бәсі түгу үшін бәріне дайын. Несие алу, құқықбұзушылық, алаяқтық, тіпті ауыр қылмыс жасап жатыр. Еліміздегі 157 мың құқықбұзушылықтың 20%-ы немесе 31 мыңы құмар ойындар кесірінен жасалған, ал ажырасудың 38 пайызының себебі құмар ойындары. Ырысы төгілген жанұяның ауыртпашылығына кім жауап бермек?» – деді Р.Берденов. Мәжілісмен сөзіне салмақ қосу үшін онлайн құмар ойындарына, букмекерлік бизнес жарнамасына

толығымен тыйым салуды, ойын бизнесі қызметтеріне салық мөлшерлемелерін көтеруді ұсынды.

Интернет-алаяқтық – Мәжілістің күн тәртібіндегі келесі мәселе болды. «Жаратқан берем десе, форточкадан да береді екен ғой» деп қанша отандасмыз тақырға отырды. Соңғы бес жылда Қазақстанда онлайн-алаяқтыққа қарсы шағым 5 есе өскен. Биыл 13,7 мың факті тіркеліп, оның салдарынан 13,5 мыңнан астам азамат зардап шекті, оның 70 пайызы қала тұрғындары, қалған 30% – ауылдық жерлер. Зардап шеккендердің әлеуметтік жағдайы әртүрлі. Олардың арасында бюджеттік сала қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер, зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер және т.б. азаматтарға келтірілген жалпы шығын 11,3 млрд теңгені құрайды. Ұрынған халық арызданып құзырлы органдарды жағалады, кейбірі мәселе түйінін суицидпен шешті...

Несінен несиенен жапқандар...

Бүгінгі халықтың хал-ахуалы белгілі. Айлығы шайлығына жетпей күн кешіп келеді. Ресми деректерге көз жүгіртсек, қазақстандықтар табысының 56 пайызы ішіп-жемге кетеді екен. Бұл Африкадағы экономикасы әлсіз мемлекеттер көрсеткішімен теңесетін пайыз. Әрине амалы таусылған халық бір жыртқыш екінің жерінен кесіп жамамасқа болмайды.

Сол кесердің бірі, халықтың соңғы сенері – микроқаржылық ұйымдар (МҚҰ).

«Сенген қойым сен болсаң» демекші, шын мәнінде, бүгінде МҚҰ беретін әрбір екінші несиесі проблемалық болып есептеледі. 2020 жылдың қаңтарынан 2022 жылдың шілдесіне дейін МҚҰ-да 90 күннен астам мерзімі өткен қарыз алушылардың саны 20 есеге жуық өсті. Оның үстіне проблемалық несиесі алушылардың қатары көбейді. Олардың қатарына несиелері коллекторларға сатылған 612 мың қарыз алушыны қоссақ, одан да көп – 855 мың бірегей қарыз алушы.

Проблемалық портфель 28 есеге немесе 2 727%-ға өскен. МҚҰ проблемалық портфелі жалпы ЕДБ портфельге қарағанда 4 есе жылдам өседі. Бұл деректі жиында «Қазақстанның қаржы мәдениеті» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Юрий Ли айтты. Осы тұста ЕДБ-ға тіс қайрап отырған мәжілісмендер енді МҚҰ-ны нысанаға алды.

Десе де МҚҰ жайлы жөн сөзді, өз парақшасында Мәжіліс отырысын сараптай келе қаржыгер Расул Рысмамбет айтты: «Жалпы, бөлшек саудада бір немесе екі емес, 5+ банк отыр. Ал МҚҰ-дан бұрыннан қауіп бар. Дегенмен, МҚҰ – ЕДБ-ның ең жақсы досы. Банк қарыз алушысында несиелерді өтеу проблемалары болған кезде – коллекторлардан, соның ішінде айбат шегетін сансыз қоңырауларды болдырмау үшін МҚҰ-ға барады. Мен МҚҰ-ны ақ қылып көрсетуден алыспын. Оның үстіне олардың коллекторлары адам зәрсін ЕДБ-ға қарағанда қатты

алады. Ал коллекторлар – бұл финсектор бәтеңкесі ішіндегі қиыршық тас. Халықта бірақ одан басқа амал бар ма? Сондықтан бірінші кезекте ЕДБ-ның ақша-кредит саясатын реттеу керек. Көтеріп отырған мәселе тоқыма бешпет сияқты, бір басын тапсаң ағытылып түсе кетеді» – дейді сарапшы.

Жасыратыны жоқ, көптеген азамат өзінің қаржылық құқығын біле бермейді. Соның салдарынан қайта-қайта қарызға ұрынып жатады. Осының алдын алу үшін «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын бастаған екен. Бұл бағдарлама қысқа уақыттың ішінде тиімділігін көрсетіпті.

Бүгінгі таңда 52 мың адам оқытылған. Оқығандар сауатымыз енді ашылды дейді. Осы тұста жиынға жиылған шенділер, бағдарламаға ЕДБ де атсалыссын, оларды халықтың қаржылық сауатының ашылуына көмектесуге міндеттейік дейді. Басқасын былай қойғанда, «қаржылық сауаттылық» шынында халықты аздырған несиесі сүлігінен арылтар ең жөн шешім. Жайбарақат «қазір алып, кейін төлеймін» деп, «кредит бақытынан» басымыз айналып жүргенде, банктердің мойнымызға несиесі қамытын кигізіп, тұсап қойғанын байқамай қалыппыз-ау. Ендігі амал өткеннен сабақ алып, келер ұрпақ шалынбайтындай даңғыл соқпақ құру. Ал ол даңғыл жолды әркім өз бойынан бастап салғаны ер, дана халықтың көрінісі болмақ.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

ТАУАР ШЫҒАРУ УАҚЫТЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Қазақстанның Қытаймен шекарадағы жүк өткізу бекеттерінде тауарларды шығаруға қажетті орташа уақыт анықталды.

Бұл Дүниежүзілік сауда ұйымының «Сауда рәсімдерін оңайлату туралы» келісімінің 7-бабы 6.1-тармағында, сондай-ақ Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің, Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау мен агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеттерінің бірлескен бұйрығында көзделген.

Қазан айындағы зерттеу нәтижесі бойынша тауарларды шығарудың орташа уақыты «Қалжата» – 1 сағат 25 минутты, «Тәженде» – 1 сағат 45 минутты, «Алакөлде» – 1 сағат 50 минутты, «Майқапшағай мен «Темір бабада» – 1 сағат 55 минутты құрады. Жалпы тауарларды шығарудың орташа уақытына мемлекеттік бақылаудан (шекаралық, кедендік, көліктік, ветеринариялық, фитосанитариялық, санитариялық-карантиндік, радиациялық бақылау) және кедендік декларациялаудан өтуге жұмсалатын уақыт кіреді.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, автомобиль өткізу пункттерінде тауарларды шығарудың орташа уақыты уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынған деректер негізінде тиісті кедендік рәсімде тауарлар шығарылғанға дейін шекаралық және кедендік бақылау аймағында Қазақстанның Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде автокөлік құралдары кірген сәттен бастап есептеледі.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӘЛЕУМЕТ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Дамудың нарықтық жолына түскен елдердің бәрі ресурстарды біріктіруде және тәуекелдерді бөлісуде мемлекет пен жекеменшік әріптестікті (МЖӘ) ынтымақтастық құралы ретінде пайдалануға барлық күшін салады. Өйткені бұл, әсіресе, инфрақұрылымды ілгерілетуде тиімді жол болып отыр.

Себебі, оны ешбір ел толықтай тек мемлекеттік қаржымен жүзеге асыра алмайды. Сондықтан оған Еуразиялық экономикалық одақта (ЕурАзЭО) да ерекше мән беріліп отыр. МЖӘ үкіметтерге: инфрақұрылымды іске қосуды жеделдетуге, яғни құрылысты тезірек бастауға; тұтынушыларға көбірек және сапалы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге; мемлекеттік органдарға қарағанда, кейбір қызметтерді әлдеқайда тиімдірек орындайтын қызметтерді жекеменшік әріптеске өткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан ЕурАзЭО-ға мүше елдердің барлығында МЖӘ қызметі арнайы заңдармен реттеледі. Олар МЖӘ-ні анықтау және реттеу принциптері, мемлекеттік және жеке әріптестер мен несиесі берушілердің құқықтық

мәртебесі, МЖӘ органдары арасындағы өкілеттіктерді бөлу, сондай-ақ МЖӘ келісімдерінің талаптары бойынша ұқсас заңнамалық тәсілдерді ұстанады.

Қолданыстағы ЕурАзЭО нормаларындағы айырмашылықтар МЖӘ нысандарын, МЖӘ жобалары

зақстан мен Ресейдің МЖӘ заңнамалары осы стандарттарға сәйкес келеді деген қорытындыға келген. ЕАДБ әрбір ЕурАзЭО елінің МЖӘ заңнамасында МЖӘ заңнамасын жетілдіру кезінде басқа еуразиялық елдер пайда алатын тиімді ережелер бар деп санайды.

МЖӘ басқару құрылымдарына тоқталатын болсақ: Арменияда – Экономика министрлігі; Беларусьта Экономика министрлігі, Инфрақұрылымдық ведомствосаралық үйлестіру кеңесі, Инвестициялар және жекеменшік әріптестік агенттігі; Қазақстанда – Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы; Қырғызстанда – Экономика және сауда министрлігі, Министрлер Кабинетінің жанындағы МЖӘ Кеңесі, Қырғыз Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық инвестиция агенттігі, Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы. Ресейде – Экономикалық даму министрлігі, Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті

дамутудың ұлттық орталығы, Тәжікстанда – Инвестициялар және мемлекеттік мүлік-ті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет, Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы МЖӘ кеңесі, Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын іске асыру орталығы.

Қазіргі уақытта МЖӘ жобалары мен соған байланысты инвестициялар саны бойынша МЖӘ нарығының жетекші үштігіне, бытырғы дерек бойынша, Ресей, Қазақстан және Қырғызстан кіреді. 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, Ресейдің жалпы инвестиция көлемі 5,4 трлн рубльді құрайтын 3 724 МЖӘ инфрақұрылымдық жобаны (квази-МЖӘ жобаларын қоса алғанда) құрады. Оның ішінде 3,9 триллион рубль (72%) жеке инвестициялар. Қазақстанның МЖӘ нарығында, 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, 1 350 МЖӘ жоба болды. Олардың жалпы жұмылдырылған және жоспарланған инвестициясы 1 335,9 миллиард теңгені құрады. Қырғыз Республикасының МЖӘ нарығы, 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, жалпы құны шамамен 100 миллиард сом болатын МЖӘ 55 жобаны қамтыды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ТҮРКІСТАН - ҚЫЛМЫСЫ АЗ ӨҢІР



Түркістан облысы тұрғындарының саны бойынша республикада көшбасшылар қатарында, мұнда халық тығыз қоныстанған. Мәселен былтыр елімізде 10 мың адамға шаққандағы құқық бұзушылықтың деңгейі ең аз өңір Түркістан облысы болды. Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша Түркістан облысында қылмыс саны айтарлықтай азайған, ал оның ашылу көрсеткіші жақсарған.

Облыстық Полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденовтің төрағалығымен өткен жиында тәртіп сақшылары биылғы тоғыз айда атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Оған қалалық, аудандық полиция басқарма, бөлімдерінің басшылары мен орынбасарлары қатысты.

Қылмыссыз қоғам құру жолында баршамыз бірлесіп жұмыс атқарудамыз. Осы ретте назарымызды бірінші кезекте ел Президенті мен Ішкі істер министрі ден қойған жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмауға, алаяқтық, мал ұрлығы, жол көлік оқиғаларын болдырмау, қару қолданумен болатын қылмыстарға жол бермеу бағытында профилактикалық шараларды атқаруды тапсырамын. Алдағы уақытта барлық полиция басқарма, бөлімдерінің жұмыстарын, ондағы кіші жедел басқару орталықтары мен бейнебақылау камераларын қадағалау, жол белгілерінің орнатылуын бақылау, жасөспірімдермен кездесулердің жиі өткізілуін қамтамасыз ету үшін арнайы топ құрылып, іске кірісетінін ескертемін, — деді департамент басшысы.

Жиында жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлық заң бұзушылықтарына жол бермеу, қызметтік тәртіпті сақтап, «Жұртқа жақын полиция» қағидатын қалыптастыруға да баса назар аударылды. Түркістан қалалық полиция басқармасының бастығы Б.Жанавекә облыс орталығынан жаңадан құрылып жатқан «Отырар» мәлтек ауданына «SOS» батырмаларын орнату бойынша тапсырма берілді. Оған қоса уақытша ұстау изоляторларының қызметкерлері мен олардың жұмысын тексеру тапсырылды.

Түркістан облысында орын алған қылмыс өткен жылға қарағанда 10,8 пайызға азайған. Ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстардың тіркелімі 19,2 пайызға төмендеген. Патрульдік полиция, ювеналды және учаскелік полиция инспекторларына осы айдың соңына дейін жаңа кейіптегі смарт-жетондар толық берілмек. Сонымен қатар облыс бойынша 907 мемлекеттік мектептің барлығы «дабыл түймелерімен» қамтамасыз етілді.

Облыстың аудан, қалаларында да қылмысқа қатысты статистикаларда оң өзгерістер бар. Мәселен,

жақында Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Б.Айтпаевтың төрағалығымен Шардара аудандық полиция бөлімінде жедел-қызметтік жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес өтті. Жиын барысында басқарма бастығы орынбасарларының есептері тыңдалып, өзекті мәселелер талқыланды.

Нақтырақ айтар болсақ, Шардара аудандық полиция бөлімінде жыл басынан бері 137 құқық бұзушылық тіркелген. Ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстар 41 пайызға

Бұл бір күн қаралып, реттеле салатын нәрсе емес. Жыл бойы айналысатын шаруа. Сондықтан әркез назарда ұстаңыздар. Бала кіммен тұрады, қандай отбасында өмір сүреді, әлеуметтік жағдайы қалай? Бәрін анықтап, зерделеп, мәліметтер базасын толықтырып шығыңыздар. Сондай-ақ, Түркістан облысында «ARTSPORT» бағдарламасы жүргізіліп жатқанын білесіздер. 30 мың баланы тегін үйірмемен қамтуға қаржы бөлініп отыр. Ол үйірмелерге алдымен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларын тартыңыздар.

азайған. Ауыр қылмыстардың саны 53-тен 38-ге немесе 28,3 пайызға, ал бөтен мүлкіті ұрлау қылмысы 12-ден 9-ға төмендеп отыр.

Кеңес барысында Б.Айтпаев құрамға бірқатар тапсырмалар беріп, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатындағы басым бағыттарды жауапкершілікпен атқаруды тапсырды.

Мақтаарал ауданында жасалған қылмыс 42 пайызға төмендеген. Оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыс саны 40 пайызға, бөтеннің мүлкіні ұрлау мен оның ішінде мал ұрлығы 50 пайызға азайған.

Құқықбұзушылықтар Жетісай ауданында да төмендеген. Мұндай мәліметтер жуырда Жетісай ауданының әкімдігінде өткен жиында айтылды. Басқосуда аудан көлеміндегі полицияның салалық бөлімше басшыларының баяндамалары тыңдалды. Осы баяндамаларға қарағанда, Жетісай ауданында профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде құқық бұзушылықтардың саны 5,9 пайызға, оның ішінде қылмыстар саны 1,7 пайызға, теріс қылық саны 22,2 пайызға төмендеген. Жалпы ауыр және аса ауыр қылмыстардың

ашылуы 72,4 пайызды құраған. Шара соңында тәртіп сақшыларына орын алған кемшіліктерді жою, алдағы жұмыс жоспарларын түзіп, жүйелі орындалуын бақылауға алу тапсырылды. Сонымен қатар, ел Президенті мен Ішкі істер министрінің нұсқауына сәйкес жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу және де алаяқтық, мал ұрлығы, жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында профилактикалық іс-шараларды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Түлкібас ауданында да қылмыстың ашылуы айтарлықтай жоғарылаған. Ұрлық қылмысы 13-тен 2-ге төмендеп, ашылуы 60 пайызды құрады. Бұзақылық қылмысы 50 пайызға төмендеген. Қылмыстың азақ басқа аудан, қалаларда да байқалады.

Бүгінде Түркістан облысында кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау бағытындағы алдын алу шараларына баса назар аударылуда. Атқарылған жұмыстар жуырда Түркістанда облыс әкімдігі жанындағы кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау

жөніндегі комиссияның кезекті отырысында баяндалды. Жиында Түркістан облысы прокуратурасының кәметке толмағандардың құқығы мен заңды мүдделерін сақтау, балалар арасындағы және оларға қарсы құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмыстарына жасалған талдаудың қорытындысы бойынша берілген ұсыныстар қаралды. Жиынға төрағалық еткен облыс әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев балалар құқығын қорғау бағытындағы жұмыстарды сапалы атқару керектігін айтты.

Облыстағы мектептерде қауіпсіздікті сақтау бойынша 894 білім ошағына 7 мыңнан астам бейнекамера мен турникет, қоршау, дабыл батырмасы орнатылуда. Қоғам талабына сай, кәметке толмағандардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында әкімдік тарапынан 5,9 млрд теңге бөлініп, жыл соңына дейін «Қауіпсіз мектеп» жобасы толық іске асады. Дегенмен бұл мектеп аумағындағы қауіпсіздікті ғана сақтауға көмектеседі. Бұдан тыс, әрбір маман өзіне тиесілі жұмысты атқаруы тиіс. Құр есеппен жиынды жаба салуға болмайды. Бұл бір күн қаралып, реттеле салатын нәрсе емес. Жыл бойы айналысатын шаруа. Сондықтан әркез назарда ұстаңыздар. Бала кіммен тұрады, қандай отбасында өмір сүреді, әлеуметтік жағдайы қалай? Бәрін анықтап, зерделеп, мәліметтер базасын толықтырып шығыңыздар. Сондай-ақ, Түркістан облысында «ARTSPORT» бағдарламасы жүргізіліп жатқанын білесіздер. 30 мың баланы тегін үйірмемен қамтуға қаржы бөлініп отыр. Ол үйірмелерге алдымен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларын тартыңыздар. Балаларды осын-

дай тегін үйірмелерге тіркеу жағын қарастырыңыздар, — деген Бейсен Тәжібаев қоғамдағы жасөспірімдерге қатысты келенсіз жағдайлардың алдын алу жөнінде де ұсыныстар мен тапсырмалар берді.

Комиссия отырысында полицияға, құзырлы органдарға Отырар ауданында тіркелген кәметтік жасқа толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтарды терең талдап, заң аясында қатаң шаралар қабылдау ұсынылды. Аталған мәселе бойынша департамент тарапынан жедел тергеу тобы құрылып, жұмыстар жүріп жатыр.

Жиында Түркістан қаласы мен Жетісай, Төле би ауданындағы комиссия төрағалары кәметке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық, оларға жасалған зорлық-зомбылық және өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу жөніндегі атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Сонымен қатар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымының түлектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша баяндама жасалды. Кешкі және сыртқы білім беру ұйымдарында білім алушыларды, өмірде қиын жағдайда жүрген кәметке толмағандарды әлеуметтік оялту жөніндегі жұмыстардың жүзеге асырылуы да назардан тыс қалмады.

Облыс әкімінің орынбасары бұл бағыттағы мәселелердің алдын алу бойынша тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Бала өміріне, біліміне, құқығына жауапты әрбір мекеме өз ісіне мұқият болуы керектігін айтып, балалар құқығы бойынша жалған мәлімет беретін жауапты басшыларға қатаң шара көрілетінін ескертті.

ПӘРМЕН

Шекаралық өңір саналатын Түркістан облысына нәпақа іздеп келген шетелдіктердің қарасы қалың. Олардың дені көршілес Өзбекстан азаматтары. Оңтүстікте мигранттардың жалдамалы жұмысшы ретінде құрылыс жұмыстарын жүргізеді, ауыл шаруашылығымен айналысады. Бірақ шекара асып келген шетел азаматтары көбіне заңды айналып өтіп, тиісті талаптарға бағынғысы келмейтіні жасырын емес. Соңғы кездері құзырлы органдар осы келеңсіздікке қарсы күресті күшейтті.



Отырар аудандық сотында заңды аттап өтіп, талаптарға мойынұсынғысы келмеген Өзбекстанның 15 азаматына қатысты әкімшілік іс қаралды.

Сотта анықталғандай, Өзбекстан азаматтары мамыр айында Қазақстан аумағына жеке мақсатпен келіп, тиісті рұқсатты алмай, Отырар ауданы Көксарай ауылындағы үйлердің бірінде қауын артушы болып еңбек еткен. Сот отырысында олар кінәларын

мойындап, Қазақстан аумағына жеке сапармен келгендерін, жүк артушы ретінде еңбек еткендерін және төлем қабілеттерінің жоқ екендіктерін айтқан.

Түркістан облыстық сотының хабарлауына, Қазақстан Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республи-

касынан кетуінің қағидаларының» 7-тармағының талабына сай халықтың көші-қон саласындағы заңнамасында және Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жергілікті атқарушы ішкі істер органдары берген тиісті рұқсаттарсыз Қазақстанда уақытша келушілердің еңбек қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді. Сот қаулысымен алты азамат Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 517-бабы 5-бөлігімен кінәлі деп танылып, олар 1

тәулік мерзімге әкімшілік қамққа алынды.

Мұндай жалдамалы келімсектердің арғы жағында шетелден келетін арзан жұмыс күшінен жұмысшылар бригадасын құрған өз азаматтарымыздың тұрғанын аңғару қиын емес. Тіпті, шетелдіктердің күшін заңсыз пайдаланатын, олардың заңсыз көші-қонын ұйымдастыратын топтардың бары да белгілі. Мәселен, жуырда облыстық Полиция департаменті ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызмет-

керлері Сарыағаш ауданының аумағында заңсыз көші-қон ұйымдастырумен айналысқан адамның қылмыстық әрекеттерін тоқтатты. Бұл туралы Полиция департаментінде өткен брифингте департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Құрманбек Сахов айтып берді.

Жедел-іздістіру және арнайы іс-шаралар барысында полицейлер Өзбекстан азаматтарына мемлекеттік шекара арқылы заңсыз кіру және шығу үшін сыйақыға қызмет көрсеткен жергілікті тұрғынды анықтады. Жүргізілген арнайы операцияның нәтижесінде жедел уәкілдер Сарыағаш ауданының тұрғынын шекарадан кедергісіз өту бойынша қызмет көрсеткені үшін 130 мың теңге сомасында ақшалай қаражат алған сәтінде ұстады. Тіпті кезінде күдіктіден 2,5 миллион теңгеге жуық ақша, 2 ұялы телефон мен құжаттар тәркіленді. Сонымен қатар, полицейлер тұрғынын жаздық үйін тексеру кезінде елде болу мерзімін



бұзып жүрген Өзбекстанның 30 азаматын анықтады. Қазіргі уақытта осы факті бойынша Қылмыстық кодекстің «заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізілуде. Күдікті қамауда. Оқиғаның толық мән-жайы анықталуда, — деді Қ.Сахов.

Облыстық Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасының тәртіп сақшылары көші-қон заңнамасын бұзу деректерін анықтап, жолын кесуге бағытталған «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізген болатын. Жұмыс жүргізу барысында полицейлер Қазақстанға заңсыз келген адамдарды, заңсыз көші-қон фактілерін және құжаттарсыз еңбек қызметімен айналысатын шетелдіктерді, сондай-ақ заңсыз көші-қонға байланысты өзге де құқыққа қайшы әрекеттерді анықтауға баса назар аударды. Тәртіп сақшылары Түркістан облысының аумағында жүргізілген кешенді 5 күндік рейд барысында көші-қон заңнамасын бұзған 355 адамды анықтады, оның 248-і шетелдік азамат.

Заңсыздықтарға жол бермеу, заңсыз көші-қонды болдырмауға бағытталған мұндай іс-шаралар тәртіп сақшылары тарапынан тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

Бекбол ҚАЛДЫБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Цифрландыру халық санағын бұрынғыдан гөрі жеңілдеткен болар? Жалпы соңғы санақтың басты ерекшелігі де анкетаны онлайн толтыру мүмкіндігі болды. Мұны пайдаланғандар көп болды ма?

– Расында да, 2021 жылғы халық санағы кезінде алғаш рет жұмыс екі жолмен яғни, sanaq.gov.kz сайты арқылы онлайн және планшеттер арқылы интервьюерлердің сауалнамасы жүргізілді. Санаққа барлығы 19 186 015 адам қатысты. Олардың 11 миллионы интервьюерлермен сұхбаттаса, 8 миллионнан астамы сауалнаманы онлайн түрде толтырды. Біздің онлайн қатысушылардың үлесі басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды. Мысалы, Еуропада онлайн түрде санақтан өткендердің орташа пайызы 30-31 пайыз болса, Беларусьте – 22 пайыз, Ресейде бар болғаны 8 пайызға жетті.

Алынған ақпарат деректер ауқымы кең екенін түсінугіміз керек. Өңдеу, тексеру және реттеу кезінде форматтық-логикалық бақылау, сондай-ақ интеграция – планшеттер мен онлайн жолмен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүзеге асырылды. Сондай-ақ, қайталанатын жазбаларға қосымша тексеру жүргізілді.

– Соңғы санақ деректері бойынша Қазақстан халқының нақты саны қанша? Бұл өсімнің себебі не және халық санының көбеюі қай аймақтарда байқалды?

– Егер екі санақтың – 2009 бен 2021 жылдардағы нәтижелерін салыстыратын болсақ, қазіргі демографиялық құрылымды көрсететін бірқатар тенденцияларды анықтауға болады. Ел халқының саны 3 миллионнан астам адамға, яғни 20 пайызға өсті. Бұл санақаралық кезеңдегі табиғи өсіммен байланысты. Халық санының ең жоғары өсімі республикалық маңызы бар үш қалада байқалды. Санақ кезінде елордада ең көп өсім байқалды. Соңғы 12 жылда Астана халқының саны екі есеге өсіп, 1,23 миллион адамға жетіпті. Алматыда халық саны 2 миллионнан асты, осылайша мегаполистердің саны 630 мың адамға өсті. Ал Шымкент халқының саны 430 мың адамға артып, 1,1 миллион адам болды. Сондай-ақ, облыстарда халық санының көтерілгені байқалды. Атап айтар болсақ, бүгінде Алматы және Түркістан облыстарында 2,2 және 2,1 млн адам, Солтүстік Қазақстан облысында ең азы – 540,7 мың адам тұрады. Санақ статистикасына жаңадан құрылған өңірлер кірмегенін ерекше атап өткім келеді. Санақ жүргізілген кезде Қазақстанда 17 облыс болды. Әрине, бүгінде бұл үш облыстағы сан санақ мәліметтерін ескере отырып, қайта есептелді. Соңғы мәліметтер, нақтырақ айтқанда 2023 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша қазақстандықтардың саны 19 967 964 адамды құрады. Жалпы, республика халқының саны 20 миллион адамға жуықтап қалды. Бұл көрсеткішке

осы қараша айында жетеміз деген болжам бар. Бұл айтарлықтай маңызды оқиға.

– Ал, осы санақаралық кезеңде халықтың жас құрамы қалай өзгерді?

– Халықтың орташа жасы аздап өсуде. Соңғы санақты ескеретін болсақ, орташа жас 31-ден (2009) 32-ге дейін (2021) артты. Басқа елдермен салыстырғанда қазақстандықтар өздерін әлі де жас ұлт санай алады. Мәселен, Еуропа елдерінде орташа жас 39,5-тен (Македония, Норвегия) 46,5 жасқа дейін (Германия, Италия, Греция) болса, АҚШ-та – 38,5 жас, Қытайда – 38,4 жас деңгейінде. «Ұлттың қартаюуы» тенденциясы ТМД-дағы бірқатар серіктестерімізге де тән. Арменияда орташа жас – 36,6 жас, Ресейде – 40,3, Беларусьте – 40,9, Украинада – 41,2 жас.

Санақаралық кезеңде 0-ден 15 жасқа дейінгі балалар саны да айтарлықтай өскенін айта кеткен жөн. Егер 2009 жылы олардың үлесі сол кездегі халықтың жалпы санынан 24,1 пайыз болса, (3,9 млн), соңғы санақтың қорытындысы бойынша 29,4 пайызға (5,6 млн) жетті. Қарт тұрғындардың, яғни 65 жастан асқан азаматтардың үлесі де өсті. Олардың саны 7,1 пайыздан 8,2 пайызға дейін артты (1,6 млн адам).

Мақсат ТҰРЛЫБАЕВ, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары:

«ҰЛТТЫҚ САНАҚ – БІРЕГЕЙ ДЕРЕК КӨЗІ»

– Халықтың жыныстық құрамы қалай болып жатыр? Бұл санақта да сол баяғы ерлерге қарағанда әйелдер көп екені анықталды ма?

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде әйелдер саны шынмен де көп. Нақтырақ айтсақ, 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша 536,3 мыңға артық. Ерлердің үлесі – 48,6 пайыз (9 324 840 адам), әйелдер – 51,4 пайыз (9 861 175 адам). Алдыңғы санақпен салыстырғанда ерлер саны 1,6 миллионға, ал нәзік жыныстылар 1,5 миллионға өскен. Мәселен, Қазақстанда әрбір 1000 әйелге 946 ер адамнан келеді. Бұл жерде назар аударарлық факт: демографиялық сипаттамаларға байланысты ерлер саны туғаннан бастап 36 жасқа дейін әйелдерге қарағанда көп болса, содан кейін олардың арақатынасы азая бастайды.

Әйелдер қауымының басым бөлігі Алматы қаласында (тұрғындардың 5,7 пайызы, яғни 1 095 738 адам), Алматы облысында (тұрғындардың 5,6 пайызы, яғни 1 078 647 адам) және Түркістан облысында (тұрғындардың 5,3 пайызы, яғни 1 013 402 адам) тұрады. Ең азы Солтүстік Қазақстан облысында (тұрғындардың 1,5 пайызы, яғни 279 842 адам), сондай-ақ Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында (тұрғындар-

дың шамамен 1,8 пайызы, тиісінше 341 376 және 344 448 адам). Ерлер мен әйелдердің арақатынасы тек екі облыста – Қызылорда және Түркістан облыстарында жоғарырақ, мұнда 1000 әйелге сәйкесінше 1006 және 1027 ер адамнан келеді.

– Жаһандық үрдіс – урбанизация Қазақстанға әсер етті ме?

– Дүниежүзіндегідей біздің елімізде де урбанизация деңгейі өсіп келеді. Санақ деректері бойынша 2009 жылмен салыстырғанда Қазақстандағы қала халқының үлесі 56 пайыздан 61 пайызға өсті. Бүгінде ел халқының 11,7 миллион адамы қалаларда, 7,4 миллион ауылдық жерлерде тұрды. Республикалық маңызы бар қалаларды есепке алмасақ, ең урбандалған аймақ – Қарағанды облысы, онда аймақ халқының 80 пайызы қалалық жерлерде тұрады. Екінші орында Ақтөбе облысы (74 пайыз), үшінші орында Павлодар облысы (70 пайыз). Түркістан облысы ауылдық жерлерде тұратын халық саны бойынша көш бастап тұр – халықтың 75,7 пайызы немесе 1,6 миллион адам ауылда өмір сүріп жатыр.

Жалпы, соңғы 10 жылдағы статистикалық мәліметтерге сәйкес, ауыл тұрғындарының қалаға кетуі Шығыс Қазақстан, Қостанай және

Солтүстік Қазақстан облыстарында айрықша байқалған. Бұл аймақтарда 77-ден 100 мыңға дейін адам қалалық жерлерге көшіп келген.

– Ал, халқымыздың ұлттық ерекшеліктері бойынша қандай деректер айқындалды?

– Санақ қорытындысы бойынша елімізде 124 ұлттың өкілі тұрады. Қазақтардың үлесі 63,1 пайыздан 70,4 пайызға дейін өсіп, абсолютті мәнде 13,5 млн адамға жетті. Алдыңғы бестікке 15,5 пайызбен орыстар, 3,2 пайызбен өзбектер, 2 пайызбен украиндар, 1,5 пайызбен ұйғырлар кіреді. Қуаныштысы сол, санақ қорытындысы бойынша әрбір төртінші қазақстандықтың жоғары білімі бар екендігі анықталды. Сол секілді мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баратын балалар саны бес есе өсіпті.

Қараша айының соңына дейін «Тұрғындар» (1-2 том), «Ұлттық құрам, дін және тілді білу», «Білім», «Халықтың табысы мен өмір сүру көздері», «Халықтың көші-қоны», «Халықты жұмыспен қамту» (1-2 том), «Неке және отбасы», «Ұй шаруашылығы», «Халықтың тұрғын үй сипаттамасы» салалары бойынша тоғыз жинақ шығады. Кез келген адам бұл жинақтарды біздің веб-сайттан көре алады. Олар сондай-ақ, талдаушылар үшін барлық

қажетті деректерді егжей-тегжейлі зерттей алатын құнды дереккөз болыады. Халық санағы 318-ден астам әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша бірегей деректер береді. Мысалы, халық санағының статистикалық мәліметтері болған жағдайда ғана сіз тілдерді, оның ішінде шетел тілдерін меңгерген халықтың нақты санын, қай дінді ұстанатынын, қаншасы азаматтық некеде екенін, т.б деректерді біле аласыз. Сондықтан да жалпы ұлттық санаққа қатысқан әрбір азамат мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуге елеулі де құнды үлес қосты деп батыл айтуға болады.

– Естүімізше, 2023 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл бағытта қандай дайындық жұмыстары жүргізілуде?

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық статистика бюросы 2023 жылы өтетін ауыл шаруашылығы санағын өткізуге дайындық жұмыстарын жүргізуде. Республикада соңғы рет ауыл шаруашылығы санағы 2005–2006 жылдары өткен болатын. Мұндағы басты мақсат жерді пайдалану, егін, мал басы, ферма көлемі, техниканы пайдалану және фермерлердің демографиялық сипаттамалары сияқты әртүрлі аспектілер туралы ақпаратты жинау. Өйткені, санақ саясатты әзірлеу, ресурстарды бөлу, ауыл шаруашылығын жоспарлау және сектордағы тенденцияларды бақылау үшін құнды деректер береді.

Бұған дейін біз ауыл шаруашылық санағын өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы бойынша бөлек екі кезеңде жүргіздік. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, енді осы екі саланың мәселелері біріктіріліп, бір мезетте өткізіледі.

Халық санағы секілді бұл жұмыста да заманауи цифрлық технологияларды қолдану, яғни веб-сайтта сауалнамаларды онлайн толтыру жоспарлануда. Бір айдан кейін қалған респонденттерге (онлайн сауалнаманы толтырмаған) планшеттерді пайдалана отырып интервьюерлер арқылы жүзеге асырылады. Санаққа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа және фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер, бау-бақша және саяжай кооперативтері, ауылдық және қалалық жерлердегі жеке қосалқы шаруашылықтар қамтылады.

Сурақтар жұмыс күші, мал басы, пайдаланылатын жер, егістік алқаптар, өңдеу орындары, өндірістік инфрақұрылым, ғимараттар және тағы басқа салаға қатысты мәселелерді қамтиды. Сонымен бірге, Еуропалық Статистиктер конференциясының ұсынымдарына сәйкес, БҰҰ FAO ұйымы дайындық кезеңінде пилоттық ауыл шаруашылығы санағын 2024 жылы өткізу қажеттілігін айқындап отыр.

Тоқетерін айтқанда, санақ ісі бұл ұлттық дамуымыздың дұрыс, әділ, өркениетті бағытта жүруінің басты кепілдігі. Сондықтан бұл іске барлық қазақстандық қолдау білдіріп, белсене ат салысуы керек.

**А.ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»**



ИГІС

Қызылорда облысының орталығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық мектеп құрылысы басталды. Атаулы нысан Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтермек. Білім мекемесінің іргетасын қалау рәсіміне өңір басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімі, «Мемлекет басшысының бастама-сымен өткен жылдан бері Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтудеміз. Мерейлі күн қарсаңында бірқатар ауқымды жобалар бастау алды. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12 300 орындық 21 мектеп салынууда. Соның бірінің іргетасын бүгін ұлық мереке қарсаңында өздеріңізбен бірге қалаймыз. 900 орындық білім ордасында ұстаздар талапты, талантты, зейінді шәкірттерді тәрбиелеп, елге қызмет ететін тұлғалардың қанатын қатайтып ұшыратынына сенемін», – деді.

ЖАҢА МЕКТЕПТЕР САЛЫНЫП ЖАТЫР



Сонымен қатар, құны 7,9 млрд теңгені құрайтын физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы да жүйелі жүріп жатыр. Айта кету керек, нысан «Білімді қолдау қоры» есебінен жүргізілуде. 350 орындық «Оқушылар сарайы да» алдағы уақытта қолданысқа берілмек. Құны – 2,5 млрд теңге. Бұл бастаманы қолға алған – «ҚазГерМұнай» компаниясы. Сырдария өзенінің сол жағалауынан музыкалық колледждің жаңа ғимараты да салынууда. Ол үшін «Саутс Ойл» компаниясы 4,8 млрд теңгеге демеушілік жасап отыр. Ауыл балалары алдағы уақытта жаңа мектепте оқу үшін 900 орындық 4 мектепті жыл аяғына дейін ел игілігіне табыстау жоспарлануда.

Қызылорда облыстық білім беру саласында ілкімді бастамалар жетерлік. Жоспарлы нысандардың құрылысы толық аяқталса қала мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесі шешілмек. Бұл бағыт бойынша Қызылорда қаласында 4 мектептің қосымша ғимараты жаңа оқу жылында өз жұмысын бастаған болатын. Мұғалімдер күні мерекесінде 600 орындық жаңа мектеп «Бәйтерек» шағын ауданында ашылды. Қала орталығына қатынап оқитын оқушылар жақын мектепке барып, қуаныштары жеткізген болатын.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТҰРҒЫНДАР ҚҰҚЫҒЫ ТОЛЫҚ ҚОРҒАЛАДЫ

Қылмыстық-процестік кодекстің 106-бабы бойынша прокурордың, қылмыстық құдалау органдарының әрекеттеріне және шешімдеріне жасалған азаматтардың шағымдары артуда.



**Самат ЕРАЛИЕВ,
Жуалы ауданы Сот әкімшісі
басшысы**

Мемлекетіміз демократиялық бағыты ұстанған, мемлекет азаматтардың құқықтарының мүлтіксіз сақталуы және бостандықтарына кепілдік береді.

Атап айтқанда, тек мемлекеттік мекемелер ғана емес, оған қоса құқық қорғау органдары тарапынан да тергеу барысындағы қозғалып жатқан қылмыстық, әкімшілік істер бойынша сотталушылар, жәбірленушілер, құқықбұзушылар тарапынан тергеушінің әрекеттеріне және әрекетсіздігіне шағым келтіру мәселесінің органдар тарапынан қаралу мысалы көп.

Әр азамат өздерінің құқығы шегінде тергеушінің іс әрекеттеріне және әрекетсіздігіне прокуратураға шағымдана алады. Қорғаушылар тергеу барысында сотталушылар мен жәбірленушілерге осы бағытты еске салуға мүмкіндіктері бар.

Билер кеңесінің мүшелері осы тұрғыда ҚПК-нің 105, 106-баптарына сай көрсетілген құқықтарын ескергені дұрыс деп санаймын. Аудандағы тұрғындар тарапынан осы мәселеге қатысты түсініспеушіліктер бар.

Барлық демократиялық дамыған мемлекеттерде азаматтардың құқықтарының мүлтіксіз қорғалуы жоғары деңгейде, Қазақстан осы бағытты ұстанады және әр азаматтың құқықтары толық қорғалады.

Тергеу барысында іс қозғалған азаматтардың құқықтарының бұзылуына кейде жол берілетіні анық, сол себептен біздің жиналысымыздың басты мақсаты осындай құқықбұзушылықтарға жол бермеу үшін шағымдардың заң талаптарына сай берілуін түсіндіру.

Құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға қылмыстық құқықбұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға сондай шағыммен сотқа жүгіруге құқылы.

Сот шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз шағымдында көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескіргенін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені, жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі туралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-құқықтық және процесстік негіздердің бар екенін не жоқ екенін тексеруге тиіс.

Сот тексеруінің шектері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасау және шешімдерді қабылдау кезінде заң нормаларының сақталуын анықтаумен шектеледі.

Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді.

Әрекеттеріне және шешімдеріне шағым жасалып отырған лауазымды адамдар соттың сұрау салуы бойынша үш тәулік ішінде мұндай әрекеттерді жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа ұсынуға міндетті.

Еске сала кетейік, тергеу соттары келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс істейді. Біріншіден, бұл прокурордың, қылмыстық құдалау органдарының әрекеттеріне және шешімдеріне әрекеттері мен әрекетсіздігіне қылмыстық процесске қатысушылардың шағымдарын қарау, екіншіден, күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шараларына санкция беру; сондай-ақ органдардың тергеу әрекеттерін, мәжбүрлеу шарала-

рын және жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау.

Қорғаушы күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия кездесуге, қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, сондай-ақ осы қаулыларды прокурор келіскеннен кейін олардың көшірмелерін алуға, қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен және бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы сот алдындағы өтінішхатпен танысуға құқылы.

Өзінің қорғауындағы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының, сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын іс жүргізуге қабылдау, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы қаулылардың көшірмелерін ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіруге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан алуға құқылы.

Қорғаушы ретінде процесстік әрекетті жүргізуге қатысатын адвокат сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қатысуымен қорғалатын адамның өтініші бойынша қысқаша консультациялар беруге құқылы.

ҚПК-нің 105-бабының 2-бөлігіне сай, прокурор, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органының бастығы шағымды алған кезден бастап жеті тәулік ішінде оны қарауға және шағым берген тұлғаны қабылдаған шешім туралы хабардар етуге міндетті.

Ұстап алу, күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, лауазымнан шеттетуге, санкцияланбаған қарап-тексеруді, тінтуге алуды жүргізу, мүлікке билік етуді уақытша шектеу, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұру кезіндегі заңды бұзушылық туралы шағымдар алынған кезінен бастап үш тәулік ішінде қаралуға жатады.

Шағымды тексеру үшін қосымша материалдарды талап етіп алдыру не өзге де шаралар қабылдау қажет болатын айрықша жағдайларда шағым берген тұлғаға бұл жөнінде хабарлай отырып, шағымды он бес тәулікке дейінгі мерзімде қарауға жол беріледі.

Шағымды қарау нәтижесінде шағым жасалған шешімнің күшін жойып немесе оны өзгертіп, шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Бұл ретте, бұрын шығарылған шешім, егер бұл шағым берген тұлғаның немесе соның мүддесіне орай шағым берілген тұлғаның жағдайын нашарлатуға алып келетін болса, өзгертілмейді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



САЙЛАУ - АЗАМАТТЫҚ КӨЗҚАРАС АЛАҢЫ

Қызылорда облыстық сотында сайлауға қатысты дауларды қарау бойынша семинар-тренинг өтті.

Шараға облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары, сот әкімшілерінің басшылары мен мамандары, сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері қатысты.

Семинар-тренинг барысында Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Оспанова сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдан бастап аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлауды пилоттық режимде өткізу, 2025 жылдан бастап қалған аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларда өткізу көзделгенін айтып, биыл пилоттық режимде Сырдария және Шиелі аудандарының әкімдерін сайлау жоспарланғанын, сайлаушылардың құқығын қорғау әкімшілік сот ісі тәртібімен жүргізілетінін атап өтті.

Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері сайлау өткізу тәртібіне қатысты көрініс көрсетіп, сайлау туралы заңнамаға сәйкес, еліміздің сайлау өткізу тәртібін, сайлаушыларды тіркеу барысын, байқаушылардың жұмысын және дауыс беру сәттерінен үзінділер келтірді.

Шара соңында семинар-тренингке белсене қатысқан университет студенттері Алматы хаттармен марапатталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

АЛТЫН КӨПІР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметші – билік пен қарапайым бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда оңтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі.

Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету. Талап қойып, сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы еш уақытта ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын болып, кез келген жағдайда «қара қылды қақ жаратын» әділ болулары қажет. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қоятын, тез әрі дұрыс шешім қабылдай алуы міндетті. Себебі, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы тікелей мемлекеттік қызметке байланысты. Нақты айтатын болсақ, ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет. Өйткені, ол қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Қазіргідей күрделі кезеңде мемлекет алдында тұрған өзекті шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер екендігін ескерсе, бұл тұрғыда мемлекеттік қызметшілер басқаларға өзінің ісімен, білім-білігімен, тәжірибесімен ғана емес, әділдігімен, қарапайымдылығымен, сабырлылығымен, отан сүйгіштігімен, қызметте қажыр-қайратымен және кез келген ортада үлгі болуы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құжаты әдеп жөніндегі кодекс, бұл – жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің күнделікті жұмысында қарапайымдылық, әділдік, адалдық сияқты принциптерді ұстану керектігі басты орында тұрады.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі мен сыйбайлас жемқорлықтың бетін қайтаруы бір-бірі толықтыратын фактор болып табылады. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағытта жүйелі түрде жұмыс істеуі бүгінгі күннің талабы болмақ. Ең негізгісі, мемлекеттік қызметшілер халықтың сенімін ақтап, Отанға қызмет етуі керек.

Бүгінде әрбір арнайы-орта және жоғары білімі бар жас мамандарға мемлекеттік қызметке келу үшін оңай жағдай жасалған. Бұл қызмет түрі үміткерден небәрі жеткілікті білімді, құқықтық сауаттылықты, өнегелі тәртіпті, адалдық пен арнамыс тазалығын талап етеді.

**Айгерім Кайратова,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің бас маманы - сот отырысының хатшысы**

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қазақстанда көлік жүргізушілері әйелдерге қарағанда жол апатына 4,1 есе жиі ұшырайды. Мемлекеттік несие бюросының деректері бойынша 2022 жылдың қаңтарынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін Freedom Insurance сақтандыру компаниясы жүргізуші ер адамдардың қатысуымен болған 100 493 жол апаты және әйел жүргізушілермен болған 24 117 жол апатын тіркеді. Сондай-ақ, Астана жолдарында 24 181, Алматыда 22 745, Алматы облысында 15664 сақтандыру оқиғасы орын алған. Соған қарамастан, Астанада осы кезеңдегі сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы 11,1 млрд, Алматыда 13,2 млрд, Алматы облысында 10,8 млрд теңгені құрады.

Мамандар Қазақстан жолдарында апатқа ұшыраған көлік түрлері туралы да қызықты деректер ұсынып отыр. 2022 жылдың қаңтарынан 2023 жылдың тамызына дейін бұл антирейтинг бойынша 136 189 сақтандыру жағдайында жеңіл автокөліктер көш бастап тұр. Одан кейін 8 674 сақтандыру мәліметі бойынша жүк көліктері екінші орында, ал 4 306 сақтандыру жағдайы бойынша автобустар үшінші орында тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше,

САН АЗАЙҒАНМЕН, САПА АРТҚАН ЖОҚ

осы жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген 5,015 миллион көліктің 4,408 миллионы немесен 87,9 пайызы жеңіл автокөліктер. 10 пайызы (0,501 млн) жүк көліктері, 2,1 пайызы (0,105 млн) автобустар. Бұл әрбір 32-ші жеңіл автокөлік, әрбір 58-ші жүк көлігі және әрбір 24-ші автобус жүргізушісі жол апатына ұшырайтынын көрсетеді.

Freedom Insurance мәліметтері бойынша, көлік иелерінің ең қауіпті санаты 30-39 жас аралығындағы жүргізушілер. Аталмыш кезеңде бұл топта 44 261 рет апат болған (бұл ең жоғарғы көрсеткіш). Жол-көлік оқиғаларының жиілік рейтингі бойынша 40-49 жастағы жүргізушілер арасында 21 411 жағдай, 26-29 жастағы жүргізушілер арасында 19 317 жағдай тіркелген.

Маусымдық өзгерістер апаттар санының негізгі факторларының бірі болып табылады. 2022 жылғы желтоқсанда жол-көлік оқиғаларының жиілігі (11 534) 2023 жылғы тамызбен салыстырғанда (5 041) 2,2 есе жоғары болды. Өйткені, қыста жазға қарағанда автокөлікке күтім жасау үнемі назар аударуды және инвестицияны қажет етеді (антифриз, қысқы шиналар, шассиді тексеру және т.б.).

Ranking.kz сайтының мәліметінше, 2023 жылы Қазақстанда жол-көлік оқиғаларының саны азайған. Қаңтар-қыркүйек айларында республикада 9,9 мың оқиға тіркелді. Бұл жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 3,8 пайызға аз. Жол-көлік оқиғаларының 25,9 пайызы немесе 2,6 мың Алматы қаласында тіркелді. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4 пайызға төмен. Жол-көлік оқиғаларының саны бойынша үздік үштікті Алматы (961 жағдай) мен Жамбыл (695 жағдай) облыстары түйіндеді. Ал ең азы Ұлытау облысында (42 жағдай) тіркелді. Биыл сондай-ақ, жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім көрсеткіші де азайды. Жыл басынан бері елімізде жазатайым оқиғалардан 1,7 мың адам қайтыс болды (1,2 мың ер, 488-і әйел адамдар). Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 пайызға төмен. Осыған қарамастан жол-көлік оқиғаларынан көз жұматын балалар өлімі, өкінішке қарай өсті. 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында кәмелетке толмаған 210 бала жол-көлік оқиғасының құрбаны болды. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға жоғары.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ТӘРТІП САҚШЫСЫ - ХАЛЫҚ АЙНАСЫ

«Ерлік – бірдің үлесі емес, бардың үлесі. Ерлік жайшылықта күнде сыналып, сәт сайын сарапқа түсе бермейді. Кәдімгі көптің бірі боп жүрген адам күндердің бір күнінде қатарынан қара үзіп, самғап ұшады».

Көп ішінен көлбең етеді де жарқ беріп, бір-ақ бой көрсетеді. Мұны осылай ететін өзгеше күндер, көпке жайылған өзгеше күйлер», – деген заңғар жазушы М.Әуезовтің сөзі Жәнібек аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ұчаскелік полиция пунктіннің жұмысын ұйымдастыруға жауапты ұчаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Болатбек Оразғалиевке арналғандай.

2019 жылғы қаһарлы қаңтардың әбден күшіне енген аязды әрі бет қаратпас алай-дүлей боранды күні болатын. Жәнібек аудандық полиция бөліміне кезекті қоңырау түсті. Телефонның ар жағынан асығыс, абыржи тіл қатқан әйел өзінің он алты жасар қызының боранды күні Жәнібек ауылының оңтүстік бағытын бетке алып, үйден шығып кеткенін жеткізді.

– Көлгімді күре жолдың бойына тастап, жаяулатып оңтүстікке қарай жүргенімде қасында кішкентай баласы бар әйелдің еңкілдеп жылап отырғанын көріп, жөн сұрасам, мен іздеп келе жатқан қыздың анасы екен. «Қызым осы бағытқа кетті» деген жөн сілтеуімен ілгері қарай жүріп кеттім. Қалың қарға малтығып шамамен екі шақырымдай жүрдім. Атқұлағы көрінбейтін бо-

ран ұйытқи соғып, жүрген ізімді әп-сәтте қар бітеп тастап жатты. Тісім-тісіме тимей жаурап тоңдым, әрі телефонымның қуаты да отыра бастады. Жасөспірімді табудан ендігі күдерімді үзіп, кері қайтамын деп оқталғанымда, әріректен қараңдаған ноқатты көрдім. Барсам қозғалуға икемі жоқ, әбден әлсіреп, талықсып кеткен қыз бала жатыр екен. Өзімнің қалшылдап тоңғанымға қарамай сырт киімді шешіп, қызды кіндіріп, аяқ-қолын қармен ысқылап, арқама салып, телефоным өшіп қалмай тұрып аудандық аурухана мен төтенше жағдайлар бөліміне хабарласып үлгердім. Кейін ойласам өзім де өмірімді қатерге тіккен екенмін ғой, қайтар жолды таба алмай боранда үсіп өліп кетуім де мүмкін еді, – деген сол оқиғаны қаз қалпында баяндаған батыр жігіт.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен Болатбек Ерболатұлы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Кейіпкерімнің қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Жәнібек аудандық полиция бөлімінің, Батыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің басшылығы мен Жәнібек ауданы әкімінің атынан алған грамота мен алғысхаттардың өзі бір папка болыпты. Болатбек 2017 жылдың қорытындысына сай аудан бойынша «Құқық қорғау саласының үздігі – 2017» аталымын жеңіп алған.

– Мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ берген ұстазым Мұхтар Бисенғалиев әсіресе ұл балалардың физикалық тұрғыдан шымыр



болуына қатты көңіл бөлетін. Теннис, қол күресі үйірсесіне тұрақты қатысқанымның пайдасын бүгінде өз қызметімде көріп келемін. 2002–2004 жылдары Петропавл қаласындағы № 6637 Ішкі әскер бөлімінде азаматтық борышымды өтеп жүргенімде болашағымды тәртіп сақшысы қызметімен біржола байланыстырып қойған едім. Әскерден келген соң БҚО Полиция департаментіне түйіндемеді тапсырып, БҚО мамандандырылған күзет қызметіне құжатымды жинап, осы мекеменің аясында 2005–2011 жылдары аға сержант шенінде Жәнібек аудандық сотында мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі болып еңбек еттім. 2011–2016 жылдары Жәнібек аудандық Ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторының полиция бекетшісі, 2016–2019 жылдар аралығында Жәнібек АП

бөлімінің ұчаскелік полиция инспекторы ретінде ауданымыздың Ақоба, Ұзынкөл, Борсы, Талов ауылдарында қоғамдық тәртіпті қадағалады. Қызметімді атқара жүріп 2008–2010 жылдары БҚО АТИСО академиялық колледжінде, кейін Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің заңтану факультетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алдым», – дейді Болатбек Ерболатұлы.

Аға ұчаскелік полиция қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында көмекшілері, полиция аға лейтенанты Берік Фазиханов, полиция кіші лейтенанты Қуаныш Елеуовпен бірге аянбай тер төгіп еңбектенуде.

– Өзіме бекітілген ұчаскемде жалпы қылмыс түрлері негізінен ішімдіктің буына өлітіп, отбасы мүшелері мен өзгеше тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау, мал ұрлау және иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу, пәтер ұрлығы мен киікті атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, интернет алаяқтарына алдану, нашақорлық фактілері бойынша тіркеліп отыр. Аудан бойынша жергілікті мекемелермен бірлесіп отырып қылмыс пен құқық бұзушылықтың және бопсалаудың, алаяқтықтың алдын алу мақсатында тұрғындармен тұрақты түрде лекция, дөңгелек үстел, жиналыс ұйымдастырып, сауалнама жүргізіп, акциялар, спорттық шаралар өткізді. Алкогольдік ішімдік ішіп, ұрылар жиналатын, кафелер, темір жол бекеті, көшелер мен қоғамдық орындар, есірткі тұтынылуы мүмкін құрылысы аяқталмаған және қараусыз қалған

ғимараттарды ұдайы бақылауда ұстап, тексеріп отырамыз. Педагогикалық ұжымдармен бірге кезекшілік кестесін жасақтап, жергілікті мекемелермен бірлесіп кешкі мезгілде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында рейдтік шаралар жүргізуді тұрақты жолға қойдық, – деп жұмыс барысына шолу жасап өтті.

Еңбегіне адал, жұмысына тиянақты Болатбек – қызы Ділназ бен ұлы Бекнұрдың әрі әкесі, әрі анасы болып жүрген жалғызбасты әке. 2008 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жәнібектік Бибінұр Сағидолқызымен отау құрыпты. Жас отаудың керегесі кәніп, бірлігі бекіп, өмірге ұл-қызы келді. Үшінші сәбиін күтіп жүрген аяулы жары отағасы Орал қаласында іссапарда жұрген кезде аяқ астынан жүрек талмасынан көз жұмды.

«Жерде бір жетім жыласа, көкте періштеңің денесі түршігеді» деген қисына құлақ түрген, жетімін жылатпаған халқымыздың игі дәстүрін жалғап, анаың махаббатына зәру, аялы алақанын аңсаған, бұғанасы бекімеген қос немересін Болатбек Ерболатұлының анасы Жібек апай бауырына басып, мейірім шуағын шашып, ұлының алаңсыз жұмыс жасауына бар жағдайын туғызып отыр. 2019 жылы Жібек Оразғалиева «Офицердің анасы» медалімен марапатталыпты.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық филиалының меңгерушісі,
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

2. «Орда-777» ЖШС, БСН 220140005722, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Жас Талап көшесі, 15, тел.: 87085762668.

3. «ЕСБД ақпараттық-сараптамалық орталығы» акционерлік қоғамы, БСН 101240007285, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ухтомский көшесі, 21, тел.: 87014123999.

4. «GatoCom» ЖШС, БСН 170940022918, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 13-ші Әскери қалашық көшесі, тел.: 87472000641.

5. «Жомарт Н» ЖШС БСН 180140035883 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Н.Түршекұлы көшесі, 80 үй, тел.: 87076476161.

7. «А-Интер-Маркетинг» ЖШС (БСН 021140006464) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 140А үй, 21 пәтер.

8. «ЭНЕРГОПРОЕКТ ВИСОКОГРАДНЯ» акционерлік қоғамы БЕЛГРАД, Астана қаласындағы филиалы (БСН 150241001307) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 33 ғимарат, 701 кеңсе.

9. «Ақжол и компания» ЖШС (БСН 140640025956) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы, 11 орам, 17 үй.

14. «Солтүстік Агро» ЖШС, БСН 131040027941, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша

қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Ивановка ауылы, Мир көшесі, 1 үй. Тел.: 87024849489.

15. «Приоритет Аякс» ЖШС, БСН 110440007300, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 97Б үй, 68 пәтер. Тел.: 87019303231.

21. «Снаб Сервис - КЗ» ЖШС, БСН 220740040564, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Зашаған кенті, Бостандық көшесі, 32 үй.

22. «Транспортно-торговая компания KazTranzit» ЖШС (БСН 190540008228) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, «Таугүл» шағынауданы, Жантөре Әбішев көшесі, 18А үй.

ӘРТҮРЛІ

6. «QAZBILIM Алматы ұлттық лицейі» ЖШС № KZ65LAA00034921 мемлекеттік білім беру лицензиясы негізінде 5-11 сыныпқа негізгі және жалпы орта білімді мемлекеттік стандарт негізінде тегін көрсетеді. Бұдан тыс Назарбаев Зияткерлік мектебіне дайындық, ielts, жазу өнері, ҰБТ ға дайындық, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы тағы басқа да бағыттардағы қосымша білім беру міндетті ақылы қызметтер ұсынады.

«QAZBILIM Алматы ұлттық лицейі» ЖШС ресми ақпараты.

10. «TOLAGAY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 151040015773, өзінің «Гарейс-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, БСН 051240001452, бірігу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Александр Пушкин көшесі, 67/1. Тел.: 87025147779

11. «Гарейс-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 051240001452, өзінің «TOLAGAY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 151040015773, қосылу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Александр Пушкин көшесі, 67/1. Тел.: 87025147779.

12. Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының

27-бабы, 4-тармағына сәйкес, «Варрант Инвест Групп» ЖШС, БСН 130540022113, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42, 15/109 павильон, 219 кеңсе.

13. «МФО «ЗаймОК» ЖШС, БСН 171040033696, микроқаржылық қызметті жүргізуге берілген лицензияның қызметін тоқтату туралы ерікті түрде жүргеніні туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Луганский көшесі, 20. Тел.: 87019994971.

МҰРАГЕРЛІК

17. 10.08.2023 ж. қайтыс болған аз. Мырзабай Ақайдар Сан-дыбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус Э.А. Орынбаеваға хабарласуы қажет. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 88В үй. Тел.: 87024266223.

18. 04.05.2023 жылы қайтыс болған Батталова Айтат Нұрмұхамедқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

19. 17.05.2023 ж. қайтыс болған аз. Маманұлы Ерғазының артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар жеке нотариус А.Есімхановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы. Тел.: 87014743502.

20. 21.10.2023 жылы қайтыс болған аз. Адилова Сымбат Ракимгалиевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 496а, 316 кеңсе, мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Тілеуғабыл Назерке Ерланқызына хабарласуларын сұраймын. Телефон 87000281094.

ЖОҒАЛТУ

16. Тараз қаласындағы «Жолдасов Данияр Жорақұлович» ЖК ұйымының, ЖСН 840218301917, жоғалған мөрі 2023 жылғы 18 қазаннан бастап жарамсыз деп танылған.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорсы Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78.

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №83 санды)

Бірден біздің компанияның мекенжайын хабарлап, тез арада жеткізіп берсеңіздер депті, әуежайдың курьері қазір жолда келе жатыр екен. Қысқасы, алаңдайтын еш нәрсе жоқ, жарқыным!

Әлі құрыған Арман сылқ етіп креслоға құлады. Есін жия бере:

– Сендер мені аямайсыңдар ма, бәрің ақылдасып алғандай бір сөзді қайталап!

– Түсінбедім, – деді бастық Арманның бетіне үрке қарағандай болып.

– Келіншегің қоңырау соқты деп қалай ғана өтірік айтып тұрсың?! Оның телефон соғуы мүмкін емес...

– Арман, өз-өзіңді ұста! Сабырға кел. Ашуынды бас. Маған сенбесең, қазір хатшымды шақырайын. Әйелің телефон шалған кезде, ол менің қасымда тұрған. Бәрін естіді.

Мына сөзден соң Арманның сұл-



ШАЙТАННЫҢ ТОРЫ

дері құрып, бір сазарып, бір бозарып тұрып қалды.

– Мүмкін емес... – деп түсініксіз бірдеңені былдырлады.

– Не мүмкін емес? – деді бастығы.

– Естимісің мені, Шырын бұл дүниеде жоқ. Бүгін таңертең оны мына мен өз қолыммен буындарып, о дүниеге аттандырдым, – деп Арман шарасыз кейіпте гүрс етіп орындыққа отыра кетті. – Менің сөмке ешқандай да ұшақта қалмаған. Оны мен өзіммен алып келгенмін. Ол сөмке қазір әлі Шырынның жанында жатыр...

Бастығы Арманның бұл сөздерін сыр бермей, мұқият тыңдады. Сосын кабинеттің бұрышында тұрған тоңазытқыштың есігін ашып, ішінен қымбат вискиді алып шықты. Екі стаканға толтырып құйды да, бірін Арманға ұсынды:

– Кел, көтеріп қоялық. Қазір бәрі өз орнына келеді.

Арман бастығы ұсынған вискиді жалма-жан қағып салды. Кенет бастығын қапсыра құшақтап, екі иығынан сілкілей жөнелді.

– Сәрсен, құлық болайын, менің сөзіме сенші! Шырынды мен өз қолыммен өлтірдім... Өтінемін, көмектесші маған!

– Сонда маған не істе дейсің?! – Полицияға званда! Қылмыскердің алдында отырғанын айт! Мен барлығын мойындаймын!

Сәрсен бұған бір түрлі аянышпен мүсіркей қарап тұрды да, қолын телефонға созды. Арман ішінен терең тыныс алды: «Мыналар әбден жындырады болды ғой! Полицияға жылдамдық хабарлағаны керек маған. Не болса да, тезірек бітсе екен мына пәле!».

Осы кезде есік қағылды да, ішке хатшы қыз басын сұқты:

– Телефонның құлағын ұстап, енді тере бастаған Сәрсен: – Кіріңіз! – деді. – Не болып қалды?

Хатшы қыз есікті жасқана аттады. Арқа жағына қайыра ұстаған бір қолында әлдене бар.

– Кешіріңіздер, әуежайдан жаңа ғана курьер жетті. Арман мырзаның сөмкесін алып келді.

Хатшы сөйтті де, бастығының үстелінің шет жағына қоңыр түсті қымбат былғарыдан тігілген сөмкені қойып жатып, Арманға:

– Шабарман курьер қабылдау бөлмесінде сізді күтеді. Ұмытылып қалдырған затты қабылдап алғаныңызды растап қол қоюңыз қажет, – деп күлімсірей тіл қатты.

Телефон тұтқасын орнына қондырып жатып, бұған сынай көз салған Сәрсенге бір, езуінде жылы жыммыс бар қызға бір қарап, абырап қалған Арман жалма-жан өзіне әбден таныс сөмкені есі кете, жан ұшыра сипалай берді. Хатшы қыз Арманның әбержіген түрін көріп, ақырын басып, жылыстап шығып кетті. Сәрсен болса, есі кіресілі-шығасылы, не істеп, не қойғанын білмей тұрған Арманды сәл жықтырып:

– Өзім барып қол қоймасам, сірә да болмас, – дей беріп еді, Арманның жан дауысы шықты:

– Жоқ! Тек өзім ғана! Қазір ол шабарманға шындығын айтқызымын, менің сөмкемді қайдан алғанын бәрібір мойындатамын!

Түсі жауар бұлттан әрмен түнеріп, түрі қара-қошқыл болып түтігіп кеткен Арман қабылдау бөлмесіне жұлқына шығып, сөмкені жеткізген бойшаң келген жас жігіттің жанына жағасынан алардай ентелеп барды да:

– Сөмкемді қайдан, қалайша алғаныңды жаның барында айт! – деп телсінді. Бұндай әрекетті күтпеген жігіттің көзі жыпылықтап:

– Әуежайдан, ауысым бастығынан... – дей берді.

Мына сөзден кейін Арман жігіттің жағасынан қапсыра ұстап, жұлқи тартқанда, анау екі аяғы жерге тимей шырырады.

– Соқ өтірікті, суайт! Бұны сен менің үйімнен алдың. Шыныңды айт, кээзап! – деп сілкілеген қарулы қолдың қауқарынан қатты қорқып, зәресі ұшқан жігіт:

– Есіңізді жиыңыз! Әуежайда бастығым берді, мен жеткізуші ғанамын... Мен сіздің қайда тұратыныңызды білгенді қойып, өзіңізді өмірімде бірінші рет көріп тұрмын! – деп безектеді.

Арман бұл кезде мүлдем дерлік ес-ақылдан айырылғандай, өз-өзін билеуден қалып, еліре сөйлеп, есі ауысқан жындыдай айналадағы адамдарға бой бермей, жолын-дағысын қырып-жойып әкетіп бара жатыр еді. Іштегі айқай-шуға сырт жақтан тағы бірер жігіт жүгіре басып кірді.

Бокстан спорт шебері, бойы екі метрге жуық Сәрсен, амал жоқ, құтырған бұрадай дес бермей кеткен Арманды жақтан тиген әжептәуір екі-үш соққыға жығыла қоймаған соң, құлақ-шекеден бір ұрып талдырып тастауға мәжбүр болды.

Арман есін жиғанда, диванда сұлап жатыр екен. Жан-жағын ба-

жаллап қараса, өзіне таныс заттар көзге ұрып сала берді. Таңертең әйелін буындарып, жанын жаһаннамға жіберген өз бөлмесі. Бірақ ешқандай күрестің ізі жоқ. Бәрі тап-тұйнақтай жиылған. Өңі ме, түсі ме, ажырата алар емес.

Шынымен де, уақиғаның барысы адам айтса нанғысыз желімен өрбіген жоқ па? Шырынды ұрып құлатып, буындарған сәті есінде. Ал қазір әйелінің мүрдесін қойып, сынған ыдыс, шашылған темекі тұқылының бірде-бірі көзге түспейді.

Осы екі арада Арман өзара сыбырласа сөйлескен адам дауысын естіп, шойындай ауыр тартқан басын ақырын көтеріп еді, терезенің алдында тұрған әріптес екі жігіттің сұлбасын көзі шалды. Ал арқасын беріп тұрған кісі полиция киімінде екен.

«Е, бәсе, солай болса керек. Әлдекім полиция шақырып, қылмыс болған жерге бастап әкелген ғой. Шырынның мүрдесін суретке түсіріп, мәйітханаға алып кеткен шығар. Енді тек мұның оянуын күтіп тұрғаны анық. Көп ұзамай мынау жындысүрей жаңылтпаштан құтылатын болдым», – деп ойлады Арман.

Мұның қозғалғанын көріп, мығым денелі, мұртты капитан бері жақындап:

– Қалайсыз, өз-өзіңізге келдіңіз бе? – деп жылыұшырай сұрады. Бұл бейнебір қылмыскер емес, зардап шеккен жан сияқты.

– Менің есімім Карл, қылмысты тергеу бөлімінен, – деп таныстырды ол өзін.

Күні бойғы бейбастақ «қошмар» оқиғалардан запы болған Арманның дауысы жарқын шығып:

– Әйелімнің мүрдесін таптыңыздар ғой? – деп сұрады.

– Таптық, – деді полиция жігіт мұны мүсіркеген дауысын жасыра алмай.

– Өлі ме?

– Өкінішке қарай, солай...

Арман «Е, бәсе...» деп алып:

– Мен барлығын бір де жалған сөз қоспай, баяндап, мойындауға даярмын, қамауға алуларыңызға болады.

Полиция бұған «Мынаның есі дұрыс па?!» дегендей таңдана қарады:

– Бәлкім, сізге тағы да дәрігер шақыру керек болар?

– Керек емес! – деген Арманның дауысы қатқыл шықты. – Мені неге қамауға алмайсыңдар? Мен – қылмыскермін. Қолға салатын кісендерің қайда?

Сәл сабыр етіңіз, – деді полиция жігіт салқынқанды дауыспен. –

Сіздің әйеліңіз жазатайым жағдайдың салдарынан қаза болды. Ваннаға түсіп жатып, аяғы тайып кетіп, шүйдесімен қатты соғылған. Мұндай жағдайлар біздің тәжірибемізде аз кездеспейді...

– Жоқ! Мүлдем олай емес! Мен жындымын ба, әлде сендер жындысыңдар ма?!

– Расымен де осылай болды. Біздер оны тапқан кезде, ваннадан аққан су астыңғы пәтерге жайыла бастапты.

– Тапқан кім?

Кеңседе сіздің айғай-шу көтеріп, асау мінез көрсеткеніңізден қауіптенген әріптестеріңіз бізге хабарласты. Олар ес-түссіз жатқан сізді үйіңізге алып келгенде, мына жақтан мен де жеттім. Үшеулеп үйге кірген кезде, астыңғы көршілеріңіз пәтерге кіре алмай шулап жатыр екен. Есікті ашып, ішке кіргенде, әйеліңіздің жансыз денесін тауып алдық. Жарты-ақ сағатқа кешігіппіз.

– Ойпырым-ай, сендер мені әбден жынды қылып өлтіретін шығарсыңдар! Ешқандай да жазатайым оқиға емес, менің қолымнан өлді ғой ол!

Арманның мына сөзін естіген полициядің дауысы енді тым қатқыл естілді:

– Егер кішкентай ғана кілтипан тапсақ, әрине, сізді темір тордың арғы жағына бір-ақ тоғытар едік.

Арман енді ғана аузын аша бермек болған кезде, үйге дәрігерлік сакво-яжын алып сот-сарапшысы кірді.

– Мына кісіні де тексеріңіз, – деп бұйырды оған мұртты полиция Арманды көрсетіп.

Сарапшы мұны қарап шығып, соққы қатты тліпті, шекесінде қанды ісік бар екен, әлі де жата тұру керек деді. Арман сарапшыдан:

– Дәрігер, сіз мүрдені зерттеп шықтыңыз ғой, солай ма? – деп сұрады.

– Солай.

– Ендеше, айтыңызшы, марқұм соққыдан емес, қылқындардан өлген жоқ па?

– Жоқ. Біз бәрін мұқият қарадық. Әйеліңіз шүйдеден тиген соққыдан есінен танып, құлап түсіп, суға тұншығып өлген. Мұның барлығы сот хаттамасында айғақ адамдардың көзінше толтырылып, тіркелді. Енді оны өзгерту мүмкін емес.

Сарапшы-дәрігер Арманға сары түсті екі-үш таблетка мен стаканға су құйып берді.

– Ішіп алыңыз. Ұйқы шақырады. Ояғанда, бәрі ретке келеді.

Арманның амалсыздан дәрігер ұсынған дәрмекті ішіп алуына тура келді.

– Ал енді тараңыздар. Науқас тынығып алсын, – деді сарапшы.

Жиылған жұрт тарай бастады. Тек мұртты полиция ғана бір нәрсе сұрағысы келді ме, Арманға жалтақтап қарай берді. Арман соңғы күшін жинап:

– Бәрібір айтқанымнан танбаймын, ол менің қолымнан қаза болды, – деді.

– Бұл тек сіздің ғана болжам-білгеніңіз, Арман мырза...

– Неге менің сөзіме сенбейсіңдер, осыған түсінбей басым қатты...

– Түсінбесеңіз, түсіндірейін. Сіздің бұл мойындауыңыздың әр тармағын жоққа шығаратын алты-жеті куәгеріміз бар. Сіздің әуежайдан бергі әр қадамыңызды тасқа басқандай көрсететін бұлжымас айғақтарымыз бар. Бұл айғақтардың күштілігі сондай, оған ешбір сот шүбәлана алмайды.

– Сіз де менің кінәлі екеніме күдік келтіре алмайсыз ғой?

– Алты куәгердің айтқанын мен қалайша теріске шығармақпын?

Капитан осылай деп, сыртқа шығуға жиналды. Дәрінің әсерінен ұйқы меңдеп бара жатқан Арман соңғы күшін жиып:

– Тоқтаңызшы! – деді жалбарына.

– Мен ақыл-есімнен адаса бастаған жоқпын ба деген үрей қорқытып барады. Расымен мен кінәлі емеспін деп ойлайын десем, бәрін өз қолыммен жасағанымна мысалдай шүбәм жоқ. Неліктен соншама адам менің қылмысымды жоққа шығарғысы келеді?! Неге мені барлығы соттан құтқарып қалмақшы?

– Ол жағын мен білмеймін, – деп қысқа қайырды капитан.

– Білесіз, білгенде қандай! Бұны менің де білім келеді, – деді Арман соңғы күшін жиып.

Есіктің тұтқасына қолын апара берген капитан бір сәт бөгелді де, бұған сынай қарап тұрып:

– Сіз жарыңызды сүйдіңіз ғой, солай ма? – деді.

– Жанымдай жақсы көрдім.

– Бірақ көзіңізге шөп салғанын көтере алмадыңыз, дұрыс па?

– Иә, – деді Арман күмілжіп. – Бойды кернеген ашу-ызамды билей алмай қалдым...

– Түсінемін. Бәріміз де сіздің орныңызда болғанбыз..., – деді капитан әлденені ишаралап жұмбақтай сөйлеп.

– Сіз нені меңзеп отырсыз?! – деді Арманның иектеп бара жатқан ұйқысы шайдай ашылып.

Капитан енді кері оралып, орындай қапалап отырды. Сосын Арманға көзін тура қадап сөйлеп кетті:

– Құлай сүйген, ақ-адал деп жүрген әйелі күндердің күнінде белі тақым сағынып бұраңдап, жар төсегін былғап, төбесінен жай түсіргендей, ер-азаматтың намысын қорлаған жағдай тек сіздің бір ба-сыңызда ғана ма? Бұндай қорлыққа шыдамай, қызғаныштың күйігінен ақылынан айырылып, көлденең жүріс көп қатынның қанын мойнына жүктеуге мәжбүр болған еркектердің бір тобы ұйым болып бірігуі мүмкін бе? Иә, мүмкін. Ақ-адал еркектің жазығы не? Өмір бойы есінен шықпақ қорлықтан өзге, ол абақты азабын тартуы тиіс пе?

Капитан осылай деді де, Арманға жауап күткендей тәсіле қарады.

– Жоқ, – деді Арман миңгірлеп, – тиіс емес...

– Ендеше, – деді капитан орнынан тұра беріп, – әйелі ойнаса жасап, шайтан торына түскен мұңдас еркектер тобына қош келдіңіз! Біздің ұйымның оншақты мүшесі бар. Олар мұндай шытырманға тап болған тағдырлас адамға мызғамас дәлел-айғақ жасап беруге әрқашанда әзір. Ендігәрі ештеңе ойламай, жақсы өмір сүруге бейіл болыңыз, құрметті!

Сайлау ТӨЛЕУОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Нұр-Сұлтан Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Алматы Жансария Ермағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Атырау Жәзира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Қызылорда Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankl@mail.ru

«Зан газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5570 дана
Апталық таралым 11 140 дана

Тапсырыс №166 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жиі берген қателігіне байланысты тал-лал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Зан» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31